

Алматы қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

VI сайланған Алматы қаласы мәслихатының XXI сессиясының 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 146 шешімі. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 қыркүйекте № 1405 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 2024 жылғы 15 сәуірдегі № 108 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы мәслихатының 15.04.2024 № 108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің қолданысы 01.09.2018 дейін тоқтатылды - Алматы қаласы мәслихатының 17.07.2018 № 244 (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізілді және ресми жариялануға жатады) шешімімен. 01.09. 2018 жылдан бастап шешім күшіне қайта енді - Алматы қаласы мәслихатының 17.07.2018 № 244 шешімімен.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1 бабының 2) тармақшасына сәйкес, VI сайланған Алматы қаласының мәслихаты ШЕШІМ ЕТТІ:

Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Алматы қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтер бекітілсін.

2. Алматы қаласы мәслихатының аппараты осы шешімді әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді, оны кейіннен ресми мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және ресми интернет-ресурста жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы мәслихатының кәсіпкерлікті және коммуналдық шаруашылықты дамыту жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы К. Авершинге және Алматы қаласы әкімінің орынбасары С. Мәкежановқа (келісім бойынша) жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, 2018 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXI сессиясының
төрағасы*

М. Абдуллаев

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихатының хатшысы*

Қ. Қазанбаев

*VI сайланған Алматы қаласы
мәслихаты XXI сессиясының*

**Алматы қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға,
әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері**

№	Атауы	Есептік бірлік	Бағасы, теңгемен (ҚҚС бірге)
1.	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өңдеуге және көмуге арналған тариф		
		Жайлы және жайлы емес үйлердің жеке тұлғалары	1 тұрғын айына 553,04
	1.2.	Заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері	1 текше метр 2288,46
2.	Заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлік субъектілері үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды қайта өңдеуге және көмуге арналған тариф	1 тонна	5600

Ескертпе: ҚҚС – қосымша құн салығы.